

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының қызметін жүзеге асыруға комиссиялық сыйақының пайыздық ставкасының 2013 жылға арналған шекті шамасын және оны пайдалану тетігін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1786 Қаулысы
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) қызметін жүзеге асыруға комиссиялық сыйақының пайыздық ставкасының 2013 жылға арналған шекті шамасы есепті айда Қордың шотына келіп түскен активтер мөлшерінің 0,45 пайызынан асырылмай бекітілсін.

2. Осы қаулының 1-тармағына сәйкес есептелген есепті айдағы комиссиялық сыйақы сомасы есепті айдан кейінгі айдың бірінші бес жұмыс күнінде Қордың ағымдағы шотына аударылуға тиіс.

3. Қордың шотына келіп түскен комиссиялық сыйақы сомасы Қорды басқару органы бекітетін Қор қызметін қамтамасыз етуге 2013 жылға арналған шығыстар шегінде пайдаланылуға тиіс.

4. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *С. Ахметов*